

«Арқалық қапасындағы облыстық
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Өнер секторы



«Сен едің
бір қазына,
Шәмші аға!»



Аты алты апашқа
әугілі, қазақ халқының
ұлттық мақтанышына
айналған ұлы
композитор Шәмші
Қапқаяқовтың
туғанына 95 жыл
(библиографиялық
көрсеткіш)

ӘОЖ 78.071.1(574)(092)
КБЖ 85.364.1(5Қаз)6-8
С 35

Құрастырушы: Г.Д. Сейлханова
Шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова
Мұқабаны безендірген: Г.Д. Сейлханова
Редактор: С.А. Алматова

«Сен едің бір қазына, Шәмші аға!» [Мәтін] : [композитор, Шәмші Қалдаяқовтың 95 жыл толуына орай әзірленген] Библиографиялық көрсеткіш / Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, өнер секторы [құраст .; Г.Д. Сейлханова; шығарылымға жауапты Ж.К. Абжанова; ред. С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 27 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Өнер секторы Шәмші Қалдаяқовтың 95 жыл толуына арналған библиографиялық көрсеткіш дайындады. Библиографиялық көрсеткіш Шәмші Қалдаяқовтың өмірі туралы, шығармашылығы жайында мағлұматтар берілген.

Құрастырушыдан

Аты алты алашқа әйгілі, қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған ұлы композитор Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына арнап, Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының өнер секторы «**Сен едің бір қазына, Шәмші аға!**» атты библиографиялық көрсеткішті оқырман назарына ұсынып отыр.

Бұл библиографиялық көрсеткіште Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығы жайында мағлұматтар берілген.

Библиографиялық көрсеткіш студенттерге, кітапхана қызметкерлеріне, жазушының еңбектерімен тереңірек танысқысы келетін әдебиет сүйер қауымға арналады.

Шәмші Қалдаяқовтың өмірдерегі

Қазақ музыкасының кеңістігінде сәулесін шашқан сан мың жұлдыздың ішінде әуен әлемін өз ғажайып құдіретімен тербеп, жүректерді шексіз сыр мен сиқырға бөлеген бір тұлға бар. Ол – қазақ вальсінің падишасы атанған, нәзік лиризмді ұлттық рухпен астастырып, ел жадында өлмес мұра қалдырған – Шәмші Қалдаяқов. Жарқ еткен жарық жұлдыз 1930 жылы 15 тамызда Оңтүстік Қазақстанның құнарлы топырағында, Отырар ауданында дүние есігін ашты. Табиғаттың тылсым әуезін сайын дала жусанымен бірге бойына сіңірген бала Шәмшінің жүрегінде музыкаға деген іңкәрлік ерте жастан оянды. Оның әндері – халқымыздың жан дауысы, уақыт үніндегі мәңгілік ырғақ. Дүниеге келгенде оған Жәмшид деген есім берілгенімен, кейін Шәмші аталып, құжаттарға солай жазылып кеткен. Әкесі ұста, зергер болғанымен, ақындығы да бар еді: өзі шығарған әндерді домбырада сүйемелдеп шырқаған. Анасы да әншіліктен кемде емес еді. Осылайша ұлдарына дарыған музыка мен халық әндеріне деген махаббаты қанмен берілді десек, қателеспеспіз. Ұлы Отан соғысы жылдарында бала Шәмші тракторшы болып еңбек етіп, кейін Сарыағаштағы Қапланбек зооветеринарлық техникумына оқуға түскен. 1950 жылы техникумды тәмамдаған соң жолдамамен Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының бұрынғы «Темір» кеңшарына зоотехник болып жұмыс істеуге жіберіледі.

Шәмші Қалдаяқов Қиыр Шығыстағы Сахалинде әскери борышын өтеп келгеннен кейін – 1955 жылы Ташкент музыкалық училищесінің музыка теориясы бөліміне оқуға түсіп, бірақ аяқтай алмайды. Сонан кейін Алматыға келіп, 1956 жылы консерваторияға оқуға түсіп, профессор В.В. Великановтың композиция сыныбында білім алады. Сол жылы 26 жасар композитор 21 жастағы ақын Жүмекен Нәжімеденовтың «Менің Қазақстаным» өлеңіне алғашқы патриоттық әнін жазады. Өнердің барша саласы секілді музыка да адамдардың жасампаз бейнесін көрсетуге бағышталатындықтан, композитор әсем Алматының қызықтарын қоя тұрып, облыстарға, аудандарға, ауылдарға ұзақ-ұзақ мерзімдерге сапар шекті. 1965 жылы Шәмшінің әндерін барша ел шырқап, ол беделді – Ленин комсомолы сыйлығына ие болады. Жарты ғасырлық мерейтолық жасқа келгенде Республиканың еңбек сіңірген мәдениет қайраткері атанды. Композитор бұрыннан халқының сүйіспеншілігіне ие болса да кеңестік кезеңде ала алмаған «Қазақстанның Халық артисі» атағы 60 жасында Елбасының жарлығымен беріледі. 1992 жылдан бастап сазгерлер мен әншілер үшін Қалдаяқов атындағы халықаралық байқау-фестиваль дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады.

Шәмші салған сазды әлем

Шәмші Қалдаяқов 1950 жылдан бастап шығармашылық қызметпен айналысты. Қазақстанның ұлттық музыка өнерінің ән жанрына аса айқын, соңғы леп ала келген сазгер ретінде көрінді. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы қабылданып, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Композитор шығармаларының тақырыптық, мазмұндық ауқымы аса кең. Елге, жерге, Отанға, ата-анаға, дос-жаранға, жарға деген сүйіспеншілік Шәмші шығармашылығының басты тақырыбы. Оның азаматтық лирикаға тұнған, республикамыздың кең байтақ жерін жырға қосатын: «Ақ ерке – Ақ Жайық», «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», «Жарқырайды Жезқазған», «Қарқаралы», «Байқоңыр», «Талдықорған – әнім менің», «Отырардағы той», «Көгілдір Көкше», «Өмір өзен», т.б. туындыларын жұртшылық ерекше ықыласпен қабылдады. Қазақтың музыка өнерінде Шәмшінің орны ерекше 300-ге жуық әні бар.

Туындыларының дені ән жанрында Шәмші Қалдаяқовтың өзінің қайталанбас қолтаңбасы халықтың бояуы қанық талантымен қазақ халқының қазіргі әнін, өнерін, биік белеске көтерді. Оның ғажап шығармашылығы ұлттық мәдениеттің тамаша көрінісінің бірі. Сазгер әндері, әсіресе, 60-70 жылдардағы жастардың аузында жүрді. Шәмші Қалдаяқов қазақ эстрадасының бастау-бұлағы іспетті. Қазақ эстрадасы бірнеше жылдар бойы Шәмші әндерінің ықпалымен қалыптасты, оның қазіргі заманға дейін жалғасып келе жатқан өзіндік өміршең мектебі бар. Композитордың алғашқы әндерінен вальс ырғағы мен халық әндері үйлескен шығармашылық ерекшелігі туындады. Шәмші әндерінің табиғи және тілге орамды болғаны соншалық, бірден барша жұрт орындай бастады.

Сазгердің әндеріне көбінесе Мұхтар Шаханов, Сабырхан Асанов, Қадыр Мырза Әли, Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Төлеген Айбергенов, Зәкір Шүкіров, Тұманбай Молдағалиев, Ғафу Қайырбеков, Мұзафар Әлімбаев сынды қазақтың дарынды ақындары қалам тербеген. Шәмші әндерін алғаш орындап бағын ашқан – Жамал Омарова, Нұрғали Нүсіпжанов, Ришад Абдуллин, Майра Нұркенова, Бақыт Әшімова тәрізді әнді таныту шеберлігі әр алуан әншілердің еңбектері ескерілуде. Шәмші Қалдаяқовтың марш екпінді, жігерлі, шаттықпен шырқалатын: «Бақыт құшағында», «Бәрінен де сен сұлу» сияқты әндері халық арасына кеңінен тарады. «Ақмаңдайлым», «Ақсұңқарым», «Қайдасың?», «Еркежан», «Ана туралы жыр», «Құшақ жайған қандай адам?», «Қайықта», «Қыз сағынышы», «Ақ бантик», «Кешікпей келем деп ең», «Қуаныш вальсі», «Әнім сен едің», «Сағынышым менің» әндері Р.Бағланова, Р.Абдуллин, Б.Төлегенова, Р.Мұсабаев, З.Қойшыбаева, т.б. әншілердің репертуарынан берік орын алды.

Әуенге айналған тағдырлар

Шәмші өзінің құдайдай сыйлап, жанындай жақсы көретін әкесіне ол қайтыс болған соң моласының басына үлкен кішкене ғимарат салдырды. Ал өзін ақ сүтімен асыраған аяулы анасына арнап әннің ең асылын жазды. Ол – «Ана туралы жыр» әні. Ол әннің туу тарихы мынада. Бұл 1957 жылдың 4 қыркүйегі болатын. Шәмші анасына берген уәдесін 1961 жылы орындады. Осы жылы оның «Ана туралы жыр» атты әні дүниеге келді. Бұл ән – қазақ совет музыкасындағы ана туралы жазылған тұңғыш ән еді. Ана алдындағы ешқашан өтелмейтін борышын сезінген баланың егіле төгілген көз жасы еді. Бұл ән есейген ер жүрек ұланның бұл өмірдің теңізін адал кешуге берген анты еді. Бұл аналар туралы гимн еді. Қазір бұл әнді білмейтін бірде-бір қазақ жоқ десем өтірік бола қоймас. Әр адамның өз өмірі секілді әр әннің өзіндік тарихы бар, - деді Шәмші ағамыз біраз нәрсені еске түсіріп. Сол сияқты «Менің Қазақстаным» атты әнінің хикаясы, Ақмоланы «Целиноград» атап, сол жақтағы бес облысты бір өлке етіп, Ресей жаққа бермекші болып жүрген кез еді. Қазақ жері осылайша бөлшектенгелі жатқанда, оның асқақтығын жырлайтын әнұран қажеттігін ескерді. Міне, ән де солай пайда болды. Өлеңін Жұмекен Нәжімеденов жазды. «Менің Қазақстаным» әнінің хикаясы мұнымен біткен жоқ. Бұл әнді «елімнің әнұраны болады» деп Шәмші ағамыз біліп айтқан екен. 1986 жылғы 17-желтоқсанда бостандықты аңсаған қазақ жастары Алматыдағы Республика алаңына «Елім-аймен» бірге осы әнді айтып шықты. «Менің Қазақстаным» деп шырқаған қазақ жастарының арманы орындалып, Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналды. Шәмші Қалдаяқов әндерінің бірсыпырасының сөзін жазған – жерлес бауыры, қазақтың көрнекті ақыны, сазгер Мұхтар Шаханов. «Ақ бантик» – Шәмші Қалдаяқов пен Мұхтар Шаханов тандемінен туған тамаша әндердің бірі. Бұл әннің тууына Шәмші Қалдаяқовтың ескі досы Қаражан Әбіләзимовтың шаңырақ көтеру тойы себеп болыпты. Үйлену тойы құрметіне шақырылған қонақтар қатарында Шәмшімен қатар Мұхтар Шаханов та болады. «Үйлену тойына лайықты сый тарту керек. Бұл сыйымыз ән болсын!» - деп екі талант ән жазуға кіріседі. Әннің тууына себепкер болған Қаражан Әбіләзимовтың жары мектепті жаңа бітірген балауса шағында екен. Ақын қалыңдықтың дәл осы уыздай балғын сипатын негізге ала отырып, тамаша ән мәтінін жазып шығады. Мықты сазгердің жақсы әні тууы үшін барлық жағдайда әлдебір үлкен оқиға немесе қуаныш пен күйзеліс қажет те емес болар, сірә. Оған тек өмірдің алуан түрлі бояуы мен қым-қуыт тірліктегі бір үзік сәт, кішігірім оқиға да жетіп жатыр. Осындай сәттердің бірінде «Қайықта» әні туған екен. Бірде Шәмші Қалдаяқов пен ақын Нұрсұлтан Әлімқұлов Алматыдағы Горький паркіндегі көлдің жағасымен келе жатса, бір сұлу қыз орындықта жылап отыр екен. Жағада ескекті қайық тұр. Шәмші қызға жетіп келіп: «Қарындас, неге жылап отырсыз?» - дейді. Бөгде екі жігіттен именген қыз орнынан тұрып кетіп қалады. Толқынмен тербелген көл. Ескекті қайық. Жағада жылап отырған ару қыз. Бұл көрініс ақын мен сазгерге ерекше әсер етеді. «Мен ән жазайын, сен сөз жаз!» - деп екеуі өзара уәде беріседі.

Сөйтіп ән мен сөз дайын болған соң, атап өтуге әлгі жерге келсе, сол орындықта баяғы қыз тағы жылап отыр! Бұған таң-тамаш болып, әрі қуанған ақын мен сазгер қызға келіп, осы әннің тууына өзінің себепкер болғанын айтып, «Қайықтаны» қосыла шырқайды. Қыз бұған сенді ме, сенбеді ме, ол жағы беймәлім. Ән қалың жұртқа әбден танымал болған соң жылдар өткенде, Шәмші Қалдаяқовтың бір шығармашылық кешінде баяғы қыз сахнаға көтеріліп, авторға бір құшақ гүл әкеліп береді де, тағы да жылап шығып кетіпті. Махаббатқа, сүйіспеншілікке құмар жастық дәуреннің базарлы шағында әлдеқалай ұшырасып қалған бейтаныс жас аруға жүрек сырын шертуге деген ұмтылысқа, әдептен озбаған, жүректен қозғаған риясыз сезімге толы бұл ән де Шәмші Қалдаяқовтың музыкалық қазынасындағы айтулы туындылардың бірі. Шәмшінің 1956 жылы Алматыға келгендегі жазған ең алғашқы әні – «Қаракөз» болды. Астананың еш ақыны өзін композитор деп білмегендіктен, Шәмші ақындарға барып мәтін жазып бер деуге бата алмай, біреудің өзіне сәл ұнаған өлеңіне әуен жазған еді. Бұл Шәмшінің тұңғыш сәтті әні осы «Қаракөз» еді. Шәмші 1977 жылы өзінің жас досы дәрігер, әнқұмар жігіт Амангелді Сұрағановтың шақыруымен Көкшетауға барды. «Шәмші келді» деп Көкшетауды небір маңыздары жиналғанда, солардың ішінде өр мінезді ақын Еркеш Ибраһим бар еді. Ақынның ажарлы кескіні, асқақ үніне қызыққан Шәмші әлден уақытта: Уа, Еркеш! – деді. Көкшетаудың сен де бір ерке ұлы едің ғой. Елінді, жерінді сен жырламағанда кім жырлайды? Кәнеки, өзіңнің асқар тауың, көгілдір көлдерің, тұнық аспаның жайлы шырқашы бір деді. Еркештің күткені де осы еді. Шәмшінің сөзі сауырына салған қамшыдай боп тиген ол отырған орнынан атыла тұрды. Домбырасыз-ақ шырқай жөнелді. Шәмші де құйғыта жөнелді. Міне, ән! – деді ол достарына қайтып келіп. Шәмшінің «Көгілдір Көкше» әні осылайша туған еді. Әр әнінің артында бір тарихи оқиғалар жатыр.

Шәмші Қалдаяқовтың әндері

Қаракөз

Күлімдеген қара көздер қалалық,
Көп қарайсың көрген сайын қадалып.
Қандай жақсы қарағаның Қарағым
Қандай тұнық сырға толы жанарың.
Жанап мені өткенінде жымыып,
Жалт қараймын, көп қараймын қиылып.
Күлімдеген қара көздер сүзіле
Жаутаңдатты-ау, жаутаңдатты-ау ізіне.
Күлімдеген қара көздер қалалық,
Көңілінде жақсы бір ой бары анық.
Сыр ашарда батылырақ болайын,
Қарай берші, қарай берші қадалып.

Ана туралы жыр

Әлемнің жарығын,
Сыйладың сен маған.
Даланың әр гүлін,
Жинадың сен маған
Сен берген құстардың
Қанатың самғаған
Балалық құштарым
Өзіңе арнаған
Қайырмасы:
Әлдилеп аялап
Өсірген жемісің
Самал жел, сая бақ
Құшағың мен үшін
Есейіп кетсем де
Мен саған сәбимін
Көңілінді көктемдей
Көзіңнен танымын.
Өтеуге борышың,
Анашым жан сырым,
Ізdedім сен үшін
Әлемнің асылын.
Әлемнің байлығын
Сыйлар ем, кеш мені,
Сыйлар ем, ай-күнін,
Қолыма түспеді.

Қайырмасы:

Ете көр қанағат,
Әзірге берерім,
Балалық махаббат,
Балалық жүрегім.
Бол риза, анажан,
Қолдағы осы бар,
Өзіңе арнаған
Әнімді қосып ал!
Қайырмасы.

Қайықта

Болсақтағы жаңа таныс
Жүзсек те алғаш қайықта
Ұшқыр қиял кетті-ау алыс
Бұйырмашы айыпқа
Самал болар толғандырған
Айдын шалқар көл бетін
Сәулем мені ойландырған
Сенің жарқын келбетің
Көлдің жүзін нұрландырып,
Тұр ма сенің дидарың.
Сол бейнеңді тұрған күліп,
Су бетіне қимадым.
Ескегіңді берші маған,
Мен есейін, сен еспе.
Су күлкісі сылдырлаған.
Сенің күлкің емес пе?
Ашылғандай айдын көлде,
Үлкен өмір есігі.
Су бетінде қайық бейне,
Махаббаттың бесігі.
Жылжы қайық, осы көлде,
Жыр толтыршы жаныма.
Махаббаттың бесігінде,
Тербелейік тағы да.

Бақыт құшағында

Көзіңнен бір ұшқын
Ұштыма білмедім?!
Әйтеуір нұр құштым,
Әйтеуір гүлдедім.
Көктемнің бұлбұлы
Кеудеме қонады.
Құшаққа қыр гүлі
Толғандай болады.

Қайырмасы:

Кел билейік, кетпе менің қасымнан,
Қызғалдағым, таң нұрымен ашылған.
Сезім, шіркін, ақ жаңбырға ұқсайды,
Алматыда жаңа жауып, жаңа жауып басылған.
Әнбісің төгілген,
Жырмысың армандай.
Бір бақыт көрінген
Жақындап қалғандай.
Жанарың ұшқыны
Жүректе жанады.
Қолыңның ыстығы
Қолымда қалады.

Қайырмасы:

Күнәсіз шуақпын
Жаныңа үңілген.
Мен бүгін бұлақпын
Ілгері жүгірген.
Сүйемін мен күнді
Көңілді, жалынды.
Сен биле еркімді,
Әлдиле жанымды.

Қайырмасы.

Күнәсіз шуақпын
Жаныңа үңілген.
Мен бүгін бұлақпын
Ілгері жүгірген.
Сүйемін мен күнді
Көңілді, жалынды.
Сен биле еркімді,
Әлдиле жанымды.

Әнім сен едің

Құрбым, жан құрбым, бала кезімнен
Бақыт көріп ем қара көзіңнен.
Кеттің ұмытып, мәңгі ұмыттың,
Жібін үздің ғой нәзік үміттің.
Тұрып қасыңда көрдім көктемді,
Сонау күндерден бүгін жоқ белгі.
Шамын басқа үйдің жақтың, аяулым,
Сендей бақытты қайдан табамын.
Әнім сен едің кешке салатын,
Содан жас жаным бақыт табатын.
Тағы келді ғой құстар ән салып,
Тұрмын оларды жалғыз қарсы алып.
Бақтар гүлдеді біздің қырдағы,
Жаңбыр жауды да, көктем жырлады.
Сенсіз таң атты, сенсіз батты күн,
Мәңгі ұмыттың мені, шаттығым.

Жан ерке

Күз оралды күн зырлап,
Маужырайды тұнжыр бақ.
Тұнжырыма сен бірақ,
Күл де ойна, жан ерке.

Жапырағы ұшып бар ағаш,
Бақтар қалса жалаңаш.
Тұнжырыма, қабақ аш,
Күл де ойна, жан ерке.

Көктем келер тағы да,
Бұлбұл қайтар бағына.
Тұнжырыма, жадыра,
Биле, сайра, жан ерке.

Ұлы сазгер Шәмші Қалдаяқов туралы ел зиялыларының ыстық ықыластары мен жылы лебіздері

«Аэропортқа жиналған елде есеп жоқ. Құшақтары гүлге толған сан мыңдаған үнділер толқындай тербеліп, қазақ әнін қалықтата салғанда олар түгел қазақ боп кеткендей көрінді. Мен үшін бұдан асқан сый, бұдан асқан қуаныш жоқ еді. Дәл осындай рухани ләзатты бұрын-соңды сезінген емеспін. Қазақ әні Үндістан аспанында шырқалған тұста үш рет : Тәубе! Тәубе! Тәубе! дедім. Алматыға келгеннен кейін мен Шәмшіні іздестіре бастадым. Ол өз алдына бір әңгіме»

Дінмұхаммед Қонаев

«Бір ата мен анадан туғандай тату, киелі топырақты мекен еткен еңсесі биік ел екенсіздер. Шаңырақтарыңыз шайқалмаған, ынтымақтарыңыз бұзылмаған, тірлігі мен бірлігі басқаға үлгі-өнеге болатындай бақ қарап, қыдыр дарығанын сіздер айтпай-ақ халыққа деген жүрегіммен сезіп тұрмын. Ен дәулеттің, жақсы күннің қуанышына, мол бақытына кеңеліңіздер! Е, сонымен Шәмші осы жерден екен ғой?! Пәлі! Бетке ұстар, мақтан тұтар ұлдарың бар, бақытты екенсіңдер ! Шәмшінің «Ақ маңдайлым» әні ХХ ғасырдың төбесінен тамшылап тұрған лирика!»

Мұхтар Әуезов

«Қазақ өнерін білгісі келетіндер Қастеевтің суреттерін, Қалдаяқовтың әндерін зерттеулері керек»

Ғабит Мүсірепов

«Бүкіл исі қазақ жұртына Шәмші Қалдаяқов деген атпен мәшһүр болып, халқына әннен әсем мүсін құйған тамаша талант иесі. Оның дәстүрге айналған фестивалінің туған жеріне, Отырарға оралуы заңды да тарихи жағдай»

Мұхтар Әлиев

«Менің өмірімде екі Мұхтар болды. Бірі – әкемдей болған ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те, екіншісі – үлкен ақын, айтулы тұлға, менің інім Мұхтар Шаханов. Ал Шәмші Қалдаяқов – ән падишасы, ол бір қазаққа емес, бүкіл адамзатқа ән салдырған аса талант иесі»

Шыңғыс Айтматов

«Шәмші бүгінгі әндерімен ғана емес, алғашқы қадамдарында-ақ қалың көпшілікті бірден жалт қаратып, шырқау талантын шындап танытты. Басқаны былай қойғанда, әлемге әйгілі қаламгер Мұхтар Әуезов жас композитордың жайдармен әндеріне өзгеден бұрын назар аударды. Өзінің соңғы романы «Өскен өркенге» Шәмшінің «Ақ маңдайлым» вальсіне байланысты естен кетпес эпизод қосып, композитордың атын атап, ән-өлеңінен үзінді келтірген»

Мұзафар Әлімбаев

«Әнім сен едің» қазір халықтың әні боп кетті. Оның сөзін Тұманбай жазды ма, басқа біреулер жазды ма, халық оны білмейді. Білгісі де келмейді. Мейлі, білмей-ақ қойсын. Сөзімнің ән болып анда-санда шырқалғанына мен ризамын. Халық ұмытпай айтып жүрсе, Шәмшінің рухы да, тірі жүрген менің көңілім де бір асқақтап қалады ғой»

Тұманбай Молдағалиев

«Шәмші қазақ ән өнеріне үлкен жаңалық және ұлттық бояуы қанық өлмейтін туындылар олжаланған аса дарынды сазгер екендігін дәлелдеген өнерпаз. Шәмші әндерін өткен ғасырдың 60-жылдарынан бері бүкіл қазақ шырқап, вальстерімен қаншама жас ұрпақ тербеліп, билеп келеді десем артық айтқандық болмас. Шәмші батыс өнеріндегі вальсті қазақ топырағына, қазақ табиғатына жақындатты. Оны ел «Қазақ вальсінің Королі» деп құрметтеп, орынды мақтан етеді»

Қасым Қайсенов

«Шәмшінің кеудесінен күмбірлеп тұрған әнін ауелетіп шырқаған сайын жайлауда жүргендей жақын әсерге бөлендім»

Роза Бағланова

«Шәмші тау бұлағындай таза әуенімен ән-жырға сусаған халқының мейірін қандырды»

Бибігүл Төлегенова

«XX ғасырда қазақ әнінің ажарын ашып, шырайын кіргізіп, оның өрісін әлем көгіне шығаратын бір феномен тууы керек еді. Ол – Шәмші Қалдаяқов есімді аққу әуезді композитор болып туды да! Ол біздің жүрегіміз бен жанымызды, діліміз бен тәнімізді мәңгі бақи нұрландырып, мәңгірттік кесапаттан құтқаратын бір дуалы құдірет»

Ілия Жақанов

«Шәмші... қазақ эстрадасында жаңаша тыныс, жылы леп әкелген теңдесі жоқ талант... Қазақта Шәмші біреу-ақ, ол қайта тумайды. Шәмшінің әндері XX ғасырдағы қазақ эстрадасының паспорты»

Сара Тыныштығұлова

«Шәмші Қалдаяқов атындағы Республикалық әншілер конкурсы XX ғасырдың XXI ғасырға бет алған қазақ әнінің ұлы «Аманат» керуені»

Нұрғали Нүсіпжанов

«Шәмші – қалыптасқан ұғымдардың көбіне сия бермейтін, жаратылысы бөлек өзгеше мейірімді жан болатын. Ол тіл мен өнерді қатар емген. Тұла бойын түртіп қалсаң ән мен әуен төгіле жөнелетін тумысы бөлек ерекше дарын иесі. Абай – сөз құдіреті болса, Шәмші – саз құдіреті. Ол көзінің тірісінде-ақ ұлылық ауылының төрінен орын алған»

Өмірзақ Айтбайұлы

«Ақиқатына келгенде Шәмшінің тәңір жаратқан таланты асқақ. Әсем әндері қай атақ, қандай сыйлықтардан да жоғары»

Әсет Бейсеуов

«Шәмшінің өмірден өткен осынау жылдар ішінде оның шығармашылығының әлі де тың жатқан тұстарына түрен салатын зерттеушінің табылмауы да өкінішті. Шәмшінің әндерінің арқасында қаншама қазақ жастары махаббат бесігінде тербелді. Қыздармен Шәмші болып танысып, бақытын тапқандар қаншама!»

Асанәлі Әшімұлы

«Шәмші қазақ ұлы мен қызының жүрек қылын шертетін наз жырын да, қазақ шаңырағының қай қуанышын да түгел елей алатын думан-жырын да, Қазақ Елінің айбынын асқақтатып, айдынын шалқыта дәріптейтін Мерей жырын да жазып үлгеріп кетті. Жер астында нұрың, жер үстінде үнің бірдей шалқысын, Шәмші-сері, Шәмші-сал!... Қадірінді білер жұртың, қазынаңды шашпас ұрпағың аман жүрсін артыңда»

Әбіш Кекілбаев

«Шәмші аға ғажайып әуендерімен исі қазақты таң қалдырып қана қойған жоқ, табындырды. Ал, Шәмші ағаның ақындығы құмның астында көміліп жатқан алтын сияқты құпия қазына»

Көпен Әмір-Бек

«Өнерден басқа өмір жоқ деп білген, соншама талантты, жер жарар атағы бола тұра қарапайым өмір кешудің классикалық үлгісін көрсеткен. Шәмшінің әндері болмаса дүниенің дидарына дақ түсіп, аяулы сезімдер әлдеқашан жоғалып кететіндей еді»

Қали Сәрсенбаев

«Отырарда өзінің туа біткен дарын, талантымен ел жүрегін жаулап алған, сөзімен де, ісімен де, қоғамдық асқақ ойымен, бүкіл болмыс тірлігімен келер ұрпақ, кейінгі біздің бәрімізге де өнеге болған исі күллі адамзатқа ортақ заңғар тұлға аз емес. Сондай өнер айдынындағы алыптардың бірі, әрі бірегейі, «Вальс королі» атанған әйгілі сазгер, ғасыр сыйлаған қайталанбас тұлға Шәмшілер туа бермейтіні хақ»

Әлімжан Құртаев


«Шәмші – ән әлемінің жарық жұлдызы болып дүниеге танылған ерек тұлға. Қазақтай ән сүйер туған халқы барда ғажайып сазгер ағаның жұлдызы мәңгі жарқырай бермек»

Сейтісхан Кішібайұлы


Шығармалары




Бұл кітап композитор Шәмшінің көпшіліктен қалтарыс қалған қасіретті тағдырынан сыр шертеді. Ал енді оның авторы жөнінде: Оразбек Бодықов – Шәмшінің көз жұмғанға дейінгі үш жылында қасынан қалмай, қуанышы мен күйінішіне куә болған, қажет кезінде сенімді сүйеніші бола білген нағыз жанашыр да айнымас досы. Шәкең өмірінен кітап жазып, рухани үлкен ескерткіш орнатқан Оразбек Бодықов сан мыңдаған оқырмандардың назарында.




Автордың мұрагерлерінің ұсынуымен биыл – 2021 жылы қайта басылып шыққан бұл жинаққа әйгілі композитор Шәмші Қалдаяқов пен жазушы Еркінбай Әкімқұловтың толық өмірдеректері, мемлекет және қоғам қайраткерлері Қуаныш Сұлтановтың, Махмұд Қасымбеков пен Нұрлан Оразалиндердің жазбалары қосымша жарияланып отыр. Бұл шығарма «Шәмші Қалдаяқовтың әндері» десек, бөркін аспанға ататын, тойлар мен сахналарда оның әсем әуендерін дүркірете айта жүріп, композиторлардың жеке өмірін терең білгісі келетін қазақ қауымына арналып отыр. Шығарма бастан-аяқ Шәмшінің өз атынан өрбиді.



Күллі қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналып, сыршыл да сырбаз композиторы атанған Шәмші Қалдаяқовтың қайталанбас әндері қаншама жылдар, ғасырлар өтсе де әрбір тыңдаушы жүрегіне жол табатыны даусыз. Бұл жинаққа сері сазгердің «Өнер» баспасынан 1981 жылы шыққан «Менің Қазақстаным» атты кітабының негізінде іріктелініп алынған ел арасында кең тараған ең таңдаулы әндері енгізіліп отыр. Кітап әнсүйер көпшілікке арналған.



Атақты сазгер, қазақтың біртума таланты Шәмші Қалдаяқов туралы «Шәмші-дария» атты дастанында қаламгер өнерге шын ықыласымен берілген Шәмшінің қилы-қилы тағдырын, қиын-қыстау шығармашылық өмір жолын нақты деректер арқылы өлең тілімен өрнектеп береді. Дастанмен бірге қаламгердің повестері мен әңгімелері де беріліп отыр.



Шәмші Қалдаяқов – республикамыздың, сондай-ақ туысқан республикалардың ән сүйгіш қауымына кеңінен танымал композитор. Ол – «Әндер», «Бақыт құшағында» атты екі кітаптың авторы. Алдыңғы жинақтары секілді композитордың бұл еңбегіне соңғы кезде жазылып, талғампаз жұртшылықтың көңілінен шыққан: «Сағынышым менің», «Байқоңыр», «Әсемсің әніңдей» атты бір топ әндері еніп отыр.



Бұл туынды – ұлтымыздың ұлы перзенттерінің бірі, ғажайып сазгер, жарты ғасырдан астам уақыттан бері ұшы-қиыры жоқ қазақ даласын әнге бөліп, ел-жұртын әнмен демеп келе жатқан, жаратылысы бөлек азамат Шәмші Қалдаяқовтың кісілік келбеті, шығармашылық жолы, соншалық қарапайым мінез-құлқы, туған жері мен қасиетті халқына деген сүйіспеншілігі жайында Шәкеңмен жақын араласып, сырлас, сыйлас болған достарының, туыстарының ауылдастары мен оның өнерін қадір тұтатын отандастарының естеліктері топтастырылған жинақ.



Бұл кітап композитор Шәмші Қалдаяқовтың әндерінің ноталық жинағы. Кітап қалың оқырманға, музыка саласында еңбек етіп жүрген жандарға арналады.

Композитор өмірінен естелік суреттер



Шәмші Қалдаяқов



Шәмші Қалдаяқов пен Оразбек Бодықов



Шәкең Көксайлықтармен



А.Қоразбаев пен Ш.Қалдақов



Шәкеңнің біраз әндерін Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов орындаушы еді



Суретте: Бірінші қатарда – композитор Өмірбек Байділдаев, Нұрғиса Тілендиев, режиссер Сапарғали Шәріпов, Шәмші Қалдаяқов. Екінші қатарда: Нұрғали Нүсіпжанов, ақ костюмді-Жолан Дәстенов



Шәмші досы Келдебек Жабатаевпен



Рыстай мен Шәмші



Жүмекен мен Шәмші Консерватория студенттері



Сазгер Жанғали Меймандосов Шәмші Қалдаяқовпен және
бір топ достарымен. 1963 жыл



Досы Үркімбек Елеубеков пен Шәкең



Рыстай, Оразбек Бодықов, Зүлпия, Шәмші Қалдаяқовпен бірге



Қызылорда. Нартай Бекежановтың 90 жылдық той кезінде



Солдан оңға қарай: Р.Мұсабаев, Ө.Байділдаев, Ш.Қалдаяқов, Ө.Еспаев, Б.Жамақаев, С.Пернебаев

АРҚАЛЫҚ
хабары

12 декабря 2025 г.

На
ко

Под за
медиа
города
турнир
средн
лет.

Умс
реприя
команд
проста
возраст
помимо
ка, сбор
окрыт
команд
го рай
а таш
района
халық
и форма
но бұл
өзгеріс
прежес
первая
кәмір
районе
о дағы
менесі
место
мой ир
и пост
сорени
ге на
онаты
дәл кө
стал не
нам мө
смысл
зәңгіте
на аяқ
дестей
дружи
Жаңғы
інебу
мыда
іне, тал
зәңгіте

Қазақ вальсінің королі

Қазақ музыкасының белді тұлғасы, халықтың жүрегінен орын алған әйгілі композитор Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 95 жыл тоюына арналған «Жарқ еткен жұлдыз» атты музыкалық сайыс өткізіліп, Арқалық қаласындағы колледждің студенттеріне – композитордың өмірі мен шығармашылығы жайлы бағыттама оқылды. Келесі кезекте Іс-шара сайыстық өкілдерімен толықты. Студенттер екі топқа бөлінді. Бірінші кезеңде композитордың өмірі мен шығармашылығы, екіншісінде Сайыстық уақыттарыда жасрылған сұрақтарға жауап берді.

Екінші «Бойға» сайысында жалғыз көрсетіс өлеңімен қалай туғалырына арналған 6 бойғаға болғанды сұрақтарға жауап беруде бағыттама белсенділік танытты. Студенттер Шәмшінің әндерін білсе, оқиғаларды білсе, бірлескен өнер көрсету сәтті жасайды – композитордың шығармашылығын теріс сезініп, әуенге деген құшпенішінің артырғары мұрагер болды. Жүректі тербеген бұл өлең әндерді тоқтық орандир шырармалы жемі әрі жергі атмосфералы болды. Білім алушы жастар Шәмші әндері арқылы кіт-

тық өнерге деген құрметтерін білдіріп, ұлы композитордың мәңгілік мұрагеріне бірі мәрте дәріптеді. Оның шығармашылығы арқылы халықтың рухы көтеріліп, ұлттық санасы жаңғырды.

Студенттердің пәйі бойында, бұл Іс-шара қазақ өнерінің құндылығын бағалауға, ұлттық рухы нығайтуға және өз тіліміз бен мәдениетімізді құрметтеуге шабыт береді. Шәмші әндері арқылы ұлттық тарихы мен дәстүрін жаңа қырынан танып, мәзгі арқылы қазақ халқының болмысын сезініп, Иә, тиялғалы мол Іс-шара студенттер үшін тек бақ болды. Бұл көп тес сайыс емес, жүрек пен өнерді тигістерінен, жалғыз ұяқ сақталатын рухани мекенге ретіне қолданылады. Іс-шара барысында өрнектеріне қызық тусқан болса, студенттерге естелік ретіне тиялғалы мол кітаптар сыйға тартылды.

Гүлжауар СЕЙІТХАҒОВА,
№2 ОӘБҚ,
«Өнер секторының кітапханшисы»

Арқалық хабары. 12 желтоқсан. 2025 жыл

Ол туралы әдебиеттер

1. Абдуллина, Күлпара. Шәмші – қазақ вальсінің королі [Мәтін] : [облыстық кітапханасының балаларға қызмет көрсету бөлімінде ән-думан кеші өтті] / К. Абдуллина // Арқалық хабары. - 2025. – 11 сәуір. – Б. 6
2. Алдабергенұлы, Қасымхан. Ән әлеміне сапар [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов атындағы халықаралық байқаудан кейінгі ой] / Қ. Алдабергенұлы // Қостанай таңы. - 2006. - 11 қазан. - 4-5 б
3. Алдабергенұлы, Қасымхан. Шәмшінің шежіресі [Мәтін]: ұлы композитор Ш. Қалдаяқовтың ата- тегі, қазіргі ұрпақтары және олардың өмір сырлары туралы деректер / Қ. Алдабергенұлы // Зерде - (" Қостанай таңының" тарихи танымдық қосымшасы). - 2006.- №5. - 16 маусым
4. Алдамжаров, Бекділдә. Шәмші әнінің шуағы [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқов творчествосы жайлы толғаныс] / Б. Алдамжаров // Түркістан. - 2012. - 5 қаңтар. - 12 б
5. Алтаева, Үмітхан. «Жетті ғой осы күнге, ән болып есімің де...» [Мәтін] : [оңтүстік өңірде болған Шәмші тойы туралы] / Ү. Алтаева // Нұр - Астана. - 2010. (19 тамыз). - № 32. - 7 б
6. Асан, Мирас. Вальс королі [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдық мерейтойы] / М. Асан // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2020. – 14 тамыз. – Б. 1
7. Ахмет, Аққали. Шәмшінің жаңа әні табылды [Мәтін] : [ән тарихы туралы] / А. Ахмет // Мәдениет. - 2023. – № 6. – Б. 54–55.
8. Ахмет, Тілеген. Қайран, Шәмші! [Мәтін] : Аяқталмай қалған фильм туралы / Т. Ахмет ; коллажды жасаған Қонысбай Шежімбай, «EQ» // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. – 14 тамыз. – Б. 9
9. Ахмет, Тілеген. Шәмші туралы фильм [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов туралы естелік] / Т. Ахмет // Жалын. - 2010. - № 9. - Б. 32-34
10. Ахмет, Тілеген. Шәмші туралы фильм [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов туралы естелік] / Т. Ахмет // Жалын. - 2010. - № 9. - Б. 32-34
11. Әбдіхалық, Өміржан. Шәмшінің жылағанын көрдім [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов] / Ө. Әбдіхалық // Мәдениет. - 2016 . - № 8. - Б. 27-29
12. Әбілова, Г. Ән падишасы - Шәмші аға! [Мәтін] : [Ш. Қалдаяқовтың өмірімен таныстыру] / Г. Әбілова ; Гүлзира Әбілова // Бастауыш білім. - 2008. - №1. - 26-27 б
13. Әкімқұлов, Е. Шәмші Қалдаяқов - ән патшасы [Мәтін] : роман-эссе / Е. Әкімқұлов ; алғы сөз жазғ.: Б. Шаханұлы. - Алматы: Өнер, 2012. - 464 б
14. Әкімқұлов, Еркінбай. Ән қанатында [Мәтін] : Ән қанатында / Е. Әкімқұлов // Қазақ үні. - 2018. - 19 шілде. - Б. 8-9
15. Әкімқұлұлы, Еркінбай. Өзі де заңғар еді ғой... [Мәтін] : [Композитор Шәмші Қалдаяқов пен журналист Сейдахмет Бердіқұлов туралы естеліктер] / Е. Әкімқұлұлы // Қазақ әдебиеті. - 2013. - 16-22 тамыз. - Б. 11

16. Әлиман, Жәнібек. Шәмшіге құрмет – елге құрмет [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқовқа Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы] / Ж. Әлиман // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. – 16 маусым. – Б. 1, 4
17. Әлімқұлов, Еркінбай. "Мен өлмеймін, мәңгілікпін!" [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов туралы роман-эссесінен үзінді] / Е. Әлімқұлов // Қазақ әдебиеті. - 2010. - 29 қазан. - 9 б
18. Әмірбек, Көпен. Шіркін, Шәмші ! [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқов творчествосы жайлы толғаныс] / К. Әмірбек // Жалын. - 2005. - № 8. - 2-12 б
19. Ән әлемінде тербетілген [Мәтін] : [қазақ өнер жұлдызы, атақты сазгер Шәмші туралы қысқаша мағлұмат] // Мөлдір бұлақ. - 2007.- №2. - 10 б
20. Байәділ, Байқал. Көкшеге Шәмші келген көктем еді [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқовтың Көкшетау қаласына сапары туралы] / Б. Байәділ // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2024. – 19 сәуір. – Б. 17
21. Байбалақова, С. Мәңгілік өшпейтұғын ән қалдырған [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармалары туралы іс-шара] / С. Байбалақова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2015. - № 10. - Б. 36-39
22. Байматаева, Ж. Ән әлемнің падишасы [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқов әндерінен кейінгі жас ұрпақтарға таныту және кеңінен уағыздау, тәрбие сағаты] / Ж. Байматаева ; Ж. Байматаева // Мектептегі мерекелер. - 2007. - № 3. - 10 б
23. Басымбекова, Г. Шәмші әндері жүрекке сәуле төгеді [Мәтін] : [Шәмші туралы әдеби-музыкалық кеш] / Г. Басымбекова // Бейнелеу өнері, еңбекке баулу және сызу. - 2015. - № 4. - Б. 21-22
24. Баяндин, Қ. Ән қанатында [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқов творчествосы жайлы толғаныс] / Қ. Баяндин ; Құттыбек Баяндин // Жұлдыз. - 2005. - № 5. - 74-98 б
25. Бодықов, О. Шәмші Қалдаяқов [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқов творчествосы жайлы толғаныс] / О. Бодықов ; Оразбек Бодықов // Парасат. - 1995. - № 7. - 10-11 б
26. Бодықов, О. Шәмші Қалдаяқов [Мәтін] : хикаяттар / О. Бодықов. - Алматы: Шабыт, 1992. - 112 б
27. Дауылбаев, М. Отан және Шәмші аға [Мәтін] : [Отан және Шәмші аға жөнінде ән-жырлар] / М. Дауылбаев ; Махамбет Дауылбаев // Мектептегі мерекелер. - 2007. - № 6. - 27-28 б
28. Дәулетхан, Әлімғазы. "Сыған серенадасының" мен білетін қыры мен сыры [Мәтін] : [композитор Ш. Қалдаяқовтың "Сыған серенадасы" туралы] / Ә. Дәулетхан // Дәстүр. - 2011. - № 2. - 44-46 б
29. Есаман, Хамит. Шәмші әні туралы шындық [Мәтін] : [композитор Ш. Қалдаяқов] / Х. Есаман // Егемен Қазақстан. - 2018. - 18 қазан. - Б. 10
30. Жақсанов, Оразалы. Ән әлемінің падишасы [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов] / О. Жақсанов // Қазақ. - 2020. - 15-29 қыркүйек. - Б. 9
31. Жақсанов, Оразалы. Қазақ даласын әнімен тербеткен [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов] / О. Жақсанов // Мәдениет. - 2020. – № 10. – Б. 36-39

32. Жақсымбетұлы, Е.Шәмші-дария [Мәтін] : деректі дастан / Е. Жақсымбетұлы ; [алғы сөз жазғ.: М. Шаханов, Р. Файлер]. - Алматы: Білім, 2015. - 346 б
33. Жаппарова, Ж.Шәмші шақырады [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов творчествосы туралы] / Ж. Жаппарова ; Ж. Жаппарова // Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. - 2009. - № 3. - 57-60 б
34. Жүсіп, Әдина.Шәмші Қалдаяқовтың туғанына - 80 жыл [Мәтін] : [аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы Шәмші Қалдаяқовтың туғанына - 80 жыл] / Ә. Жүсіп // Айгөлек. - 2010. - № 11. - 6-7 б
35. Иса, Қазыбек.Шәмшінің туған күніне тура келген 45 жылдық кездесу [Мәтін] : [қазақ вальсінің падишасы атанған Шәмші Қалдаяқовтың мәдени мұрасына арналған ән фестивалі туралы] / Қ. Иса // Қазақ үні. - 2024. - 26 тамыз. - Б. 16
36. Камилова, Райхан.Ауызекі сөйлеу қабілетін дамытқан Шәмші Қалдаяқов [Мәтін] : [аса көрнекті сазгер өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру] / Р. Камилова // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. - 2011. - № 3. - 65-69 б
37. Кауһар, Нағима.Қазақ вальсінің королі [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармалары туралы ашық сабақ жобасы] / Н. Кауһар // Музыка әлемінде. В мире музыки. - 2012.- №1. - 18-20 б
38. Керімова, Майгүл.Ән көгінің сұңқары - Шәмші [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығы туралы тәрбие сағаты] / М. Керімова // Тәрбие құралы. - 2010 . № 5. - 69-70 б
39. Кубиев, Асқар. "Ән салайық қосылып" [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқовқа арналған кеш] / А. Кубиев // Музыка әлемінде. В мире музыки. - 2016 . - № 4-5 . - Б. 38-39
40. Кубиев, Асқар."Ән салайық қосылып" [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқовқа арналған кеш] / А. Кубиев // Музыка әлемінде. В мире музыки. - 2016 . - № 4-5 . - Б. 38-39
41. Қабышұлы, Ғаббас.Есіме түскен сайын... [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқовтың туғанына - 80 жыл] / Ғ. Қабышұлы // Түркістан. - 2010. (2 қыркүйек). - № 35. - 6 б
42. Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энциклопедия. 5-том. К - Қ / бас ред.: Б. Ғ. Аяған. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2003. - 720 б
43. Қалдаяқов, Ш. Бақыт құшағында [Ноталар] : әндерінің толық жинағы / Ш. Қалдаяқов. - Алматы: Өнер, 2006. - 168 б
44. Қалдаяқов, Ш.Шәмші әндері [Мәтін] : әндерінің толық жинағы / Ш. Қалдаяқов. - Алматы: Өнер, 2012. - 96 б
45. Қалиев, Қ.Шәмші шығармашылығына тоқталу [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқов творчествосына арналған кеш] / Қ. Қалиев // Тәрбие құралы. - 2009. - № 5. - 52-54 б
46. Қамытбекұлы, Ғалымжан.Шымкентте "Шәмші әлемі" ашылды [Мәтін] : [сазгердің туған жерінде мерейтойының аталып өтуі туралы] / Ғ. Қамытбекұлы // Қазақ әдебиеті. - 2010. - 20 тамыз. - 7 б

47. Қанатқызы, Назипа.Әнім сен едің... [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқов творчествосына арналған кеш] / Н. Қанатқызы // Мектептегі мерекелер. - 2011 . № 3. - 20 б
48. Қизатова, Р.Ән көгінің сұңқары [Мәтін] : [қазақтың біртуар ұлы Шәмші Қалдаяқовтың өмірі, ән - ғұмыры жайлы] / Р. Қизатова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2006. - № 7. - 36-39 б
49. Қонысбай, Жұмабай.Шәмшінің шарапаты немесе естен кетпес екі кездесу [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқовтың шығармалары туралы : суреті бар] / Ж. Қонысбай // Қазақ. - 2012. - 24 тамыз . - 7 б
50. Құдайбергенова, Кеңескүл.Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен әндері [Мәтін] : [Шәмші туралы ашық сабақ нұсқасы] / л. Құдайбергенова Кеңескү // Музыка әлемінде. В мире музыки. - 2014. - № 1. - Б. 8-10
51. Құсайын, Темір. Композитор ғұмырының беймәлім беттері [Мәтін] : [Шәмші Қалдаяқов] / Т. Құсайын // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2020. – 27 мамыр. – Б. 15
52. Маженов, Б.Сағыныш сазы [Мәтін] : [сазгер Шәмші Қалдаяқовқа арналған апталық өтті] / Б. Маженов // Арқалық хабары. - 2016. - 26 ақпан. - Б. 3
53. Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырған [Мәтін] : Шәмші Қалдаяқов туралы естеліктер / құраст.: Ж. Нұсқабайқызы, С. Кішібайұлы. - Алматы: Білім, 2007. - 296 б
54. Мұсабаев, Р. XX ғасырдың ұлы сазгері [Мәтін] : [сазгер Шәмші Қалдаяқов туралы естелік] / Р. Мұсабаев ; Рашид Мұсабаев // Дала. - 2001. - № 6. - 37-38 б
55. Мұхтар Шаханов, Қазақстанның Халық жазушысы, Қырғызстанның Халық ақыны, "Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны" сыйлығының иегері: Шәмші Қалдаяқов екеуміз ұрымыз ба ? [Мәтін] : ["Ақсудан ұшқан аққуым" әнінің тарихы] // Жұлдыздар отбасы. - 2014. - № 18. - Б. 27-28
56. Оспанова, Қарлығаш.Шәмшінің әндері жаныма жақын [Мәтін] : [композиторлар фестивалінің жеңімпазы Сергей Гейн туралы] / Қ. Оспанова // Қостанай таңы. - 2006. - 10 қазан.- 8 б
57. Рахимова, А.Шәмші Қалдаяқов [Мәтін] : [Ш. Қалдаяқов туралы түсінік беріп, оның әндерінің шығу тарихына тоқталу] / А. Рахимова // Қазақ тілі әдістеме. - 2010 . № 2. - 29-31 б
58. Сарсембаева, Гауһар Зинеғабдинқызы.Сырлы ғарыш - саз әлемі [Мәтін] : [оқушылардың қазақ вальс королі - Шәмші Қалдаяқовтың өмірі] / Г.З. Сарсембаева // Мектептегі мерекелер. - 2015. - № 7. - Б. 14,16
59. Сарсембаева, Гауһар Зинеғабдинқызы.Сырлы ғарыш - саз әлемі [Мәтін] : [оқушылардың қазақ вальс королі - Шәмші Қалдаяқовтың өмірі] / Г.З. Сарсембаева // Мектептегі мерекелер. - 2015. - № 7. - Б. 14,16
60. Сманов, Бақтияр.Шәмшінің шынайы шақтары [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов туралы эссе] / Б. Сманов // Парасат. - 2013. - № 4. - Б. 11-12 ; № 5. - Б. 16-17

61. Сыбанбай, Сәкен.Сырлы саздың құдыреті [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов туралы] / С. Сыбанбай // Парасат. - 2020 - № 8-9 . - Б. 9-12
62. Сыбанбай, Сәкен.Сырлы саздың құдыреті [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов туралы] / С. Сыбанбай // Парасат. - 2020 - № 8-9 . - Б. 9-12
63. Төлеуіш, Досымжан.Шәуілдірдің екі ұлы [Мәтін] : [Оңтүстік өкілдері, өнер адамдары Өзбекәлі мен Шәмші жөнінде : суреттерімен] / Д. Төлеуіш // Театр. kz. - 2011.- № 11. - 22-25 б
64. Турғараева, Г.М.Халықаралық әйелдер күні. Ш. Қалдаяқов. "Ана туралы жыр! [Мәтін] : [Шәмшінің әні туралы] / Г.М. Турғараева // Бейнелеу өнері, еңбекке баулу және сызу. - 2014 . - № 4 . - Б. 23-25
65. Тұрсынқұлов, Қалаубек.Өткен күн өрнектері [Мәтін] : [сазгер Шәмші Қалдаяқов туралы естелік] / Қ. Тұрсынқұлов ; суретті түсірген Съезд Бәсібеков // Жалын. - 2010. - № 8. - Б. 35-39
66. Үмбетова, Т. Ә.Шәмші - вальс каролі [Мәтін] : [сазгер Шәмші Қалдаяқовтың шығармалары туралы] / Т.Ә. Үмбетова // Ұлттық тәрбие. - 2015. - №3. - Б. 58-61
67. Үсен, Тортай.«Ақ бантик» әнінің шығу тарихы [Мәтін] : [бір әннің тарихы] / Т. Үсен // Мәдениет. - 2023. – № 7. – Б. 18–19
68. Шайман, Серік. Шәмші мен Арқалық [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов туралы] / С. Шайман // Қостанай таңы. - 2022. – 5 тамыз. – Б. 9
69. Шайман, Серік.Шәмшінің Торғайға сапары [Мәтін] : [қазақтың вальс королі Шәмші Қалдаяқовтың Торғай еліне сапары жайлы] / С. Шайман // Қазақ. - 2019. - 22 ақпан. - Б. 11
70. Шарыпова, Р. Ән аға,жан аға, Шәмші аға! [Мәтін] : [композитор Шәмші Қалдаяқов творчествосы туралы] / Р. Шарыпова ; Р. Шарыпова // Музыка әлемінде / В мире музыки. - 2007. - № 3. - 8-10 б
71. Шаханов, Мұхтар.Қалдаяқов өзені [Мәтін] : ("Шәмші табиғатының шыңы мен шатқалы" атты кітаптан үзінді) / М. Шаханов // Жалын. - 2010. - № 8. - Б. 39-45
72. Шәмшіге арналған бал кеші [Мәтін] : [Шәмшіге арналған іс-шара] // Үш қоңыр. - 2015. - 27 қараша. - Б. 2

Авторлық көрсеткіштер

- Абдуллина, Күлпара,- 1
Алдабергенұлы, Қасымхан,-2, 3
Алдамжаров, Бекділдә,-4
Алтаева, Үмітхан,-5
Асан, Мирас,-6
Ахмет, Аққали,-7
Ахмет, Тілеген,-8,9,10
Әбдіхалық, Өміржан,-11
Әбілова, Г,-12
- Әкімқұлов, Е,-13, 14, 15
Әлиман, Жәнібек,-16
Әлімқұлов, Еркінбай,-17
Әмірбек, Көпен,-18
- Байәділ, Байқал,-20
Байбалақова, С,-21
Байматаева, Ж,-22
Басымбекова, Г,-23
Баяндин, Қ,-24
Бодықов, О,-25, 26
Дауылбаев, М,-27
Дәулетхан, Әлімғазы,-28
Есаман, Хамит,-29
Жақсанов, Оразалы,-30, 31
Жақсымбетұлы, Е,-32
Жаппарова, Ж,-33
Жүсіп, Әдина,-34
Иса, Қазыбек,-35
Камилова, Райхан,-36
Кауһар, Нағима,-37
Керімова, Майгүл,-38
Кубиев, Асқар,-39, 40
Қабышұлы, Ғаббас,-41
Қалдаяқов, Ш,-43, 44
Қалиев, Қ,-45
Қамытбекұлы, Ғалымжан,-46
Қанатқызы, Назипа,-47
Қизатова, Р,-48
Қонысбай, Жұмабай,-49
- Құдайбергенова, Кеңескүл,-50
Құсайын, Темір,-51
Маженов, Б,-52
Мұсабаев, Р,-54
Мұхтар Шаханов,-55
Оспанова, Қарлығаш,-56
Рахимова, А,-57
Сарсембаева, Гауһар,-58, 59
Сманов, Бақтияр,-60
Сыбанбай, Сәкен,-61, 62
Төлеуіш, Досымжан,- 63
Тургараева, Г,-64
Тұрсынқұлов, Қалаубек,-65
Үмбетова, Т.,-66
Үсен, Тортай,-67
Шайман, Серік,-68, 69
Шарыпова, Р,-70
Шаханов, Мұхтар,-71

МАЗМҰНЫ

1.	Құрастырушыдан.....	3
2.	Шәмші Қалдаяқовтың өмірдерегі.....	4
3.	Шәмші салған сазды әлем.....	5
4.	Әуенге айналған тағдырлар.....	6-7
5.	Ш.Қалдаяқовтың әндері.....	8-11
6.	Ұлы сазгер Шәмші Қалдаяқов туралы ел зиялыларының ыстық ықыластары мен жылы лебіздері.....	12-14
7.	Шығармалары.....	15-16
8.	Композитор өмірінен естелік суреттер.....	17-20
9.	Ол туралы әдебиеттер.....	21-25
10.	Авторлық көрсеткіштер.....	26
11.	Мазмұны.....	27



«Арқалық қапасындағы блыстық
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
110300, Қостанай облысы, Арқалық қапасы
Абай көшесі, 62. Тел.(факс) 7-09-16
Е – mail: arkounb@mail.ru

